



Автор: Ақпағамбетова Қарылғаш Сагындыковна

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Компьютер және қауіпсіздік

Тақырып: 5.1.1 Есептеу техникасының даму тарихы. Компьютердің буыны

5.1.1 Есептеу техникасының даму тарихы. Компьютердің буыны	Сабақтың мақсаттары Барлық оқушылар үшін: Есептеу техникасының даму тарихын білу. Көпшілік оқушылар үшін: Перспективасы жөнінде әңгімелеу. Кейбір оқушылар үшін: Компьютерлердің буындарының айырмашылықтарын талдау. Бағалау критерийі 1. Дербес компьютердің даму тарихын біледі 2. Компьютердің даму кезеңдері туралы түсіндіреді 3. ДК даму тарихының айырмашылықтарын талдайды. Тілдік мақсаттар. Абак, арифмометр, ENIAC, IBM. Құндылықтарға баулу Оқушыларды бір-біріне деген құрмет көрсетуіне тәрбиелеу. Сын тұрғысынан ойлауға, жаупкершілікке тарту. Пәнаралық байланыс Ағылшын тілі, тарих, қазақ тілі, бейнелеу Алдыңғы білім Компьютердің негізгі құрылғысы, процессор мен қатты диск қызметтерін біледі.
--	---

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
5.1.1 Есептеу техникасының даму тарихы. Компьютердің буыны (19.09.2019ж)	Сабақ барысы Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері. «Ішкі және сыртқы шеңбер» құрып бір-біріне қарап тұрып жылы тіліктерін айтады. - Сыныпты асық түстері арқылы топқа бөлу. (көк, жасыл) - «Аукцион» әдісі арқылы үй тапсырмасын сұрау. 1. Табиғаттағы, қоғамдағы, техникадағы ақпараттардың ортақтығы 2. Дербес компьютердің вируспен зақымдану белгілерін ата. 3. Мұрағаттар қандай мақсатта құрылады? 1. Адам өміріндегі ақпараттық үдерістерге мысал келтір. 2. Ақпаратты сығу 3. Мұрағаттауды жүзеге асыратын программаларды ата 1. Ақпарат дегеніміз не. 2. Вирус дегеніміз не? 3. Деректерді қаншалықты жиі мұрағаттау керек.	Екі шеңберін құрады. Түрлі түсті асық 30 20 10 Таныстырылым, дәптермен, оқулықпен жұмыс Ақ бет, түрлі түсті қарандаш Ғаламтор Ақ қағаз, түрлі түсті қалам
5.1.1 Есептеу техникасының даму тарихы. Компьютердің буыны (19.09.2019ж)	Сабақтың ортасы 33 мин. Сергіту сәтті «Миға шабуыл» әдісі арқылы жаңа сабақтың тақырыбын ашу. /сұрақ-жауап/ 1-тапсырма (Ж); (Т); 1-топ – «Дербес компьютер» (Есептеу техникасының даму тарихы.) 2-топ – «Электрондық есептеуіш машина.» (ЭЕМ-нің даму кезеңдері.) Жеке оқулықтан өздері оқиды, топта талдайды, постерге түсіреді, қорғайды. Дескриптор: - Тақырыпты түсінеді. - Даму кезеңдерін айтады. - Ойын жеткізеді Бағалау: «Бағдаршам» әдісі арқылы топтар бірін-бірі бағалайды. (Толықтай түсінсе, сенімді болса- жасыл түс, түсінуге жақын болса, - сары түс, түсінбесе, сенімді болмаса- қызыл түс) Көршіңнің суретін сал. (бұлшық етке жаттығу жасау) 2-тапсырма (Ж) «Сәйкестендіру» әдісі Тәжірибелік жұмыс А деңгейі Ғаламтор желісінен мына кестені толтыруға қажетті ақпарат табады. № Өнертабыс, құрылғы Мезгіл Қайда және кім жасады? 1 Шоттар XVI-XVII ғасырлар Ресейде 2 Навигациялық есептерге арналған сызғыш 3 Механикалық есеп машинасы 4 Механикалық есеп машинасы-арифмометр 5 Есептеуіш автомат 6 Аналитикалық машина 7 Есептеуіш - перфорациялаушы машина Дескриптор: 1. Мезгілдері бойынша табады 2. Мемлекеттің анықтайды. 3. Авторын табады. Бағалау: «Басбармақ» әдісі арқылы өзін-өзі бағалау.	Екі шеңберін құрады. Түрлі түсті асық 30 20 10 Таныстырылым, дәптермен, оқулықпен жұмыс Ақ бет, түрлі түсті қарандаш Ғаламтор Ақ қағаз, түрлі түсті қалам
5.1.1 Есептеу техникасының даму тарихы. Компьютердің буыны (19.09.2019ж)	Сабақтың соңы 5 мин. Рефлексия: Қағаздың бетіне өз қолдарыңды айналдыра сызыңдар. Әр саусақтың ішіне сабақтан алған әсерлері мен ұсыныстарын жазады. Бас бармақ- Мен үшін маңызды және қызық Балан үйрек- Маған жеткілікті болмады Ортан терек- Маған қиын болды Шылдыр шүмек- Мен көп мағлұмат алдым Кішкентай бөбек- Менің ұсынысым Үй тапсырмасы: ДК даму тарихына байланысты эссе жазу	Екі шеңберін құрады. Түрлі түсті асық 30 20 10 Таныстырылым, дәптермен, оқулықпен жұмыс Ақ бет, түрлі түсті қарандаш Ғаламтор Ақ қағаз, түрлі түсті қалам